

«Бекітілді» 
МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
№1 педагогикалық кеңесте
31 тамыз 2017 жыл
Шешімі негізінде №54 бұйрық



**2017-2018 оқу жылындағы ортаңғы «Қарлығаш» тобына арналған
перспективалық жоспары**

«Бекітілді» 
 МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
 №1 педагогикалық кеңесте
 31 тамыз 2017 жыл
 Шешімі негізінде №54 бұйрық



Ортаңғы топ «Өтпелі» тақырыптар

№	Айлар	Тақырыптар	Апталық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Бәрі мен жайлы»	1. Мен және менің тобым. 2. Мен және менің жақындарым. 3. Отбасылық дәстүрлер 4. Үлкендер еңбегі.
2	Қазан	«Өсімдіктер әлемі»	1. Дала, бөлме гүлдері. 2. Аулада нелер өседі? 3. Аяғы бар қалпақтар. 4. Берекелі Алтын күз.
3	Қараша	«Табиғат әлемі «	1. Ферма. 2. Құстар біздің досымыз. 3. Жабайы жануарлар әлемі. 4. Жануарлар қысқа қалай дайындалады?
4	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	1. Тарихқа саяхат 2. Ауыл мен қала. 3. Тәуелсіз Қазақстан. 4. Қызыл кітап
5	Қаңтар	«Дені саудың жаны сау»	1. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер. 2. Ғажайып қыс. 3. Күн, су, ауа. 4. Үйде жалғыз қалғанда.
6	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	1. Ұшады, жүзеді, жүреді. Жол ережелері. 2. Арнайы көліктер. 3. Электроника әлемі. Байланыс құралдары. 4. Заттардың қасиеті. (ненен жасалғаны)
7	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	1. Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта. 2. Өнер көзі – халықта (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б) 3. Біздің салт – дәстүріміз. 4. Табиғат оянады.
8	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	1. Көктемгі еңбек. (бақта, бақшадағы еңбек, гүлдер.) 2. Ас атасы нан. 3. Мамандықтың бәрі жақсы. 4. Біз жас зерттеушілерміз.
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1. Достық біздің тірегіміз (халықтар достығы). 2. Отан қорғаушылар (ҚР әскері). 3. Шөпте не жорғалайды? (жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар) 4. Көңілді жаз.

Перспективалық жоспар

Ортаңғы топ 2017жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы»

Мақсаты: Балалардың өзі туралы және өз отбасылары, олардың мейірімділігі мен жанашырлығы туралы әңгімелеуге талпындыру. Балалардың отбасына және туған үйіне деген махаббат сезімін тудыру. Өздеріне қоршаған ортадағы адамдармен, туыстармен жақсы қарым-қатынаста болу әрекеттерін жетілдіру.

Міндеттері:

- Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
- Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- Танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
- Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
- Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Апта	Тақырып	Денсаулық-3 Дене шынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5 Драма-0,5	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 Музыка-1,5	Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Экология негіздері-0,25
1 апта	Мен және менің тобым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақшада» Мақсаты: Жаттығуларды орындау барысында бір-бірден тізбекпен және жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттықтыру. Шыдамдылыққа, ептілікке баулу. Еденге қолымен сүйеніп, шығыршықтың ішінен өту, тақтай бойымен жүру барысында тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақшада» Мақсаты: Кішірейтілген тірек алаңы бойынша тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Алға жылжу арқылы екі аяқпен секіруге үйрету. Ойындарға және жаттығуларға оң көзқарасты және оларды қажетсіну дағдысын қалыптастыру. Кішкентай допты еденге ұрып және жоғары лақтыруға, оны қағып алуға үйрету 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақшада» Мақсаты: Кішірейтілген тірек алаңы бойынша тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Алға жылжу арқылы екі аяқпен секіруге үйрету. Ойындарға және жаттығуларға оң көзқарасты және оларды қажетсіну дағдысын қалыптастыру. Кішкентай допты еденге ұрып және жоғары лақтыруға, оны қағып алуға үйрету	Сөйлеуді дамыту Тақырбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді» Мақсаты: Өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету және өз тобымен таныстыру. Топтағы бөлмелермен жиһаздармен және ондағы заттармен таныстыру. Әдептілікке, тазалыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы: «Я и моя группа» Мақсаты: Учить детей рассказывать о своем детском саде на трех языках. Правильно называть наименования помещений. Воспитывать любовь к своему детскому саду. Умение рассказывать о своей группе, о воспитателе, о друзьях. Расширять словарный запас детей названиями предметов ближайшего окружения (кукла, коляска, мяч, скакалка, стол, стулья)	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Менің тобым» Мақсаты: Заттарды санына қарай салыстырып, санаудың дұрыс тәсілдерін пайдалану. Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру, оларды осы белгілеріне қарай топтастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдындағы бақша» Мақсаты: Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірбие іс – әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой – пайымдауларын тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Үй тұрғызамыз» Мақсаты: Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрастыруға, құрылыс материалдарын таңдай отырып көп қабатты үй құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Фигус суретін салу» Мақсаты: Табиғат бұрышындағы бөлме гүлдерімен таныстыра отырып, олардың суретін салуға үйрету. Фигус өсімдігімен таныстыру. Ұ қыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: допты екі алақан арасында домалата отырып жасауға үйрету, ұсақ саусақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Біз көңілді қуыршақ». Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қаблетін дамыту.	Экология негіздері Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Өртүрлі ойыншық түрлерімен таныстыру; заттардың қасиетін меңгерту; зерттеу әрекетіне қызығушылықтарын ояту; сөздік қорларын дамыту.

2 апта	Мен және менің жақындарым	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Әкем,шешем және мен бақытты жанұя» Мақсаты:Орнында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету. Балаларға көшеде ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Допты жоғары лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Әкем,шешем және мен бақытты жанұя» Мақсаты:Тепе-теңдікті ұстауға жаттықтыру. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету, балалардың зейінін дамыту. Бірлікке баулу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Әкем,шешем және мен бақытты жанұя» Мақсаты:Тепе-теңдікті ұстауға жаттықтыру. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету, балалардың зейінін дамыту. Бірлікке баулу	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасы» Мақсаты:Отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету.Өз отбасы жайлы әңгімеле барысында сөздік қорларын толықтыру,есте сақтау қабілеттерін арттыру.Балаларды үлкенді сыйлауға,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.«Менің жанұям» атты саусақ жаттығуын жасау. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Менің әжем» Қадыр мырза Әли (жаттау) Мақсаты: Балаларға өленді тыңдата отырып,отбасы туралы,отбасында әженің тұлға екені және отбасы мүшелерінің орны ерекше екені туралы түсініктерінкеңейту.Өлеңнің мазмұнын тыңдап,оны жаттай білуге үйрете отырып,адамдық қасиеттерге тәрбиелеу.Есте сақтау,ойлау қабілетін жетілдіру.Кішіпейілдікке,қамқорлыққа тәрбиелеу. Драма Тақырыбы: «Кел, танысайық» Мақсаты: Қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту,сөз байлығын,сөйлеу дағдыларын жетілдіру,өзіне деген сенімділікті,басқалардың пікірін тыңдай білу,сөздегі дыбыстарды анық,дұрыс айту,диалогты сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыру,достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Біз нешеуіміз?» Мақсаты:Санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санауды үйрету (4 көлеміндегі сандар), үлгі бойынша санау, екі топтаға заттар арасындағы теңдікті анықтау, жыл мезгілі туралы білімін күшейту (күз), заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыдан сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру, қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жау, жау, жанбыр» Мақсаты: Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауымен шығармашылық қиялын дамыту. Білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Бұлт пен жаңбыр» Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту,дәстүрден тыс әдісті пайдалана отырып, суреті қағаз бетіне дұрыс орналастыра салуға үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы: «Әженің орамалын сәңдейміз» Мақсаты: Балалардың әже туралы түсініктерін бекіту.Қазақ ою-өрнегімен таныстыра отырып, элементтерімен орамалды өрнектеуге үйрету. Желіммен жұмыстануда ұқыптылыққа тәрбиелеу.Саусақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Бір-біріне кедергі жасамауға,достыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Біздің атай». Мақсаты: Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуді үйрету, әнді ынтаменайтуғабаулу. 2.Музыка Тақырыбы:«Біздің атай». Мақсаты: Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуді үйрету, әнді ынтаменайтуға баулу.	
--------	---------------------------	--	---	---	---	--

3-апта	Отбасылық дәстүрлер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Біз тату отбасы» Мақсаты: Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету. Ептілік, күш, шапшаңдық сияқты қасиеттерді дамыту. Қапшықты алысқа лақтыруға жаттықтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Біз тату отбасы» Мақсаты: Бөрене үстінде жүруді үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Доп лақтыру және допты екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Біз тату отбасы» Мақсаты: Бөрене үстінде жүруді үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Доп лақтыру және допты екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің үйде мереке» Мақсаты: Отбасының ересек және кіші мүшелеріне сыйластықпен және қамқорлықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелері, дәстүрлі туралы өздігінен әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру. Орыс тілі Тақырыбы:«Наши семейные традиции» Мақсаты: Умение рассказывать о своей семье,о близких, правильно произносить эти слова (мама,папа, бабушка, дедушка, брат, сестра, дядя, тетя). Рассказать детям о праздниках которых отмечают в семье (день рождения, новый год,вечерняя прогулка, спортивные игры, пикники на природе)Научить детей правильно выражать свою мысль, умениеконструировать предложение. Воспитывать любовь и уважение к членам семьи.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Дастархан басында» Мақсаты: Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Заттарды санау қабілетін күшейту (5 саны көлемінде) , заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастыру, осы сөздерді сөйлеу барасында қолданамыз. Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыру. Геометриялық фигура- шаршы туралы түсінікті нығайту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мол өнім» Мақсаты: Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым – қатынасты тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: үйшік құрастыру арқылы үйшіктің бір және бірнеше бөліктерден тұратынын түсіндіру, таныстыру.Қағаздан үйшікті құрастыра білуге үйрету,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Ыдыстағы алмалар» Мақсаты: алманың суретін саусақпен сала білуге үйрету. Ыдыстағы алманың пішініне, ерекшелігіне көңіл бөліп, әдемі бояуға жаттықтыру. Құралдарды дұрыс пайдалануға,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған кэмпиттер» Мақсаты:Балаларға сопақша, дөңгелек пішінді мүсіндеуді, көлемдерін ажыратуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Тату доспыз бәріміз» Мақсаты: Балаларды достыққа бірлікке, татулыққашақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді» Мақсаты:Балаларға келген қонаққа қошемет көрсете отырып, үлкенді сыйлап құрметтеуге үйрету. Достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
--------	---------------------	--	---	---	---	---

4-апта	Үлкендердің еңбегі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көмекшілерміз» Мақсаты:Балаларды допты екі қолмен қағып алуға үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Допты еденге ұру дағдыларын дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көмекшілерміз» Мақсаты:Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көмекшілерміз» Мақсаты:Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Серуенде (өз тәжірбиелерінен)» (әңгімелеу) Мақсаты: Балаларға үлкендердің еңбегі,олардың мамандықтар туралы айтып түсіндіру. Сурет бойынша байланыстырып әңгімелеуге үйрете отырып, сөздік қорларын дамыту. Үлкендердің еңбегін мақтан тұтуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Не деу керек?» Мақсаты: Өлеңді түсініп,есте сақтауға үйрету.Балаларды имандылыққа,кішіпейілдікке тәрбиелеу. Драма Тақырыбы: «Актер деген кім?» Мақсаты:Актер туралы түсінік беру,сөздік қорын,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілетін дамыту,мимика,ым-ишараларды қолданып кейіпкер бейнесін жасауды үйрету,шығармашылыққа,достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Кішкентай көмекшілер» Мақсаты: Заттарды санына қарай үйретуді жалғастыру. Екі топтағы заттарды санап, саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу дағдысын үйрету. Балаларға тәулік бөліктері туралы және заттардың орналасу ретін түсіндіру. (сол жағында, ортасында, оң жағында) Жаратылыстану Тақырыбы:«Кішкентай достарымыз» Мақсаты: Адамдардың қамқорлығына өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жауарларына күтім жасай білу дағдыларын қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Күшікке арналған үйшік» Мақсаты: түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түстерін тандай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Апликация Тақырыбы: «Тәрелкедегі алмалар» Мақсаты: Сызық бойымен қиюға үйрете отырып,оларды қағаз бетіне дұрыс орналастырып,жапсыруға үйрету. 1.Музыка Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Мақсаты: Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету 2.Музыка Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Мақсаты: Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету	
--------	--------------------	---	--	---	---	--

Ортаңғы топ 2017жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Өсімдіктер әлемі»

Мақсаты: Балаларға өсімдіктер және олардың пайдасы туралы тереңірек түсінік бере отырып, өсімдіктердің түр – түсін ажыратуға, соның ішінде олардың жеке – жеке атын атап үйрету.

Міндеттері:

- Өсімдіктердің өсу жолын көрсетіп, түсіндіру;
- Білімдерін жүйелі түрде көресете алуға баулу,
- есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәнерін дамыту;
- балалардың көргендерін өз бетінше айтуға үйрету;
- қиялын дамытып, қабілеттерін шыңдау;
- Өсімдіктерді күтіп – баптауға, әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу;

Апта	Тақырып	Денсаулық-3 Дене шынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5 Драма-0,5	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 Музыка-1,5	Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Экология негіздері-0,25
1-апта	Дала,бөлме гүлдері	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз кішкентай гүлдерміз» Мақсаты:Қапшықты нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету және көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту. Ұжым болып ойнауға тәрбиелеу.Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру Тақырыбы: «Біз кішкентай гүлдерміз» Мақсаты:Балаларды топта физиологиялық ерекшеліктеріне қарай ойнауға үйрету. Баланы көздеген мақсатына жету үшін қалай әрекет етуге үйрету. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейту және тереңдету. Тақырыбы: «Біз кішкентай гүлдерміз» Мақсаты:Балаларды топта физиологиялық ерекшеліктеріне қарай ойнауға үйрету. Баланы көздеген мақсатына жету үшін қалай әрекет етуге үйрету. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейту және тереңдету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» М.Төрежанов Мақсаты: Мәтіннің мән мағынасын бұзбай байланыстырып, сөйлеу арқылы әңгіме айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Орыс тілі Тема:«Цветы дома в саду» Цель: Ознакомить детей с домашними цветами и цветами, которые цветут в саду. Пополнить словарный запас :комнатные цветы (герань, роза, бегония, каланхоэ, орхидея). Садовые цветы (астра, тюльпан, садовый, лилия, роза, ромашка, ирис, герань). Привить любовь к окружающей среде, воспитывать познавательный интерес.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Гүлдерді санайық» Мақсаты: Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сәйкес отырып шешуге үйрету. 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру. Үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын салыстыруды үйрету. Өзге сандарды арасынан 1 цифрын табу. Заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында) Геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты: Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. Балалар ұжымда достық қарым – қатынасты тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Әдемі гүл» Мақсаты: балаларға шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бүктеуді үйрету. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, саусақтарының икемділіктерін арттыру, гүлдер туралы білімдерін толықтыру, ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:«Кактус» Мақсаты: Дәстүрден тыс әдісті пайдалана отырып,кактустың суретін салуға үйрету, жұмысын толықтай аяқтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы:«Әдемі гүл» Мақсаты:ермексаздың жасыл түсін домалақтап,алақанмен есіп,сопақша пішін жасап,созу әдісі арқылы жапырақтар жасау және құмыраға отырғызу,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Күз байлығы» Мақсаты: Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.	1.Экология негіздері Тақырыбы: «Өсімдіктер патшалығы» Мақсаты:балаларға табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттілігі мен өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

2-апта	Аулада нелер өседі?	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақ гүлдер,көп гүлдер» Мақсаты: Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике-Шыбынгүл» ертегі-өлеңін үзінді жаттау. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру;өз-өзін уқалауға жаттықтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақ гүлдер,көп гүлдер» Мақсаты: Бір-біріне кеуде тұсынан допты лақтыруды үйрету. Шапшаңдық және ептілік тәрізді қасиеттерді дамыту. Басына қапшықты қойып, жерде созылып жатқан жіптің үстімен қолды әртүрлі қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақ гүлдер,көп гүлдер» Мақсаты: Бір-біріне кеуде тұсынан допты лақтыруды үйрету. Шапшаңдық және ептілік тәрізді қасиеттерді дамыту. Басына қапшықты қойып, жерде созылып жатқан жіптің үстімен қолды әртүрлі қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақша ауласына серуен» Мақсаты: серуенге шығып, көргендерін әңгімелету арқылы сөздік қорын жалпылаушы мағынаны сөздермен дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күзде» Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру.Өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Драма Тақырыбы:«Шалқан» ертегісін әңгімелеп айтып беру. Мақсаты: Балалардың ертегілер туралы түсініктерін кеңейту. Күз мезгіліндегі адамдардың еңбегі туралы түсінік беру. Ертегіні оқу арқылы мазмұнын түсінуге үйрету. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, ертегіні өз беттерімен айтуға үйрету. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Үлкен-кіші ағаштар» Мақсаты:Балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету. Жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету. Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға , заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету. Үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге фигуралардың арасынан табуды үйрету. Үшбұрыштың көлемін жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар» Мақсаты: Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді ажырата білуге дамыту.	Сурет салу Тақырыбы:«Ауладағы күзгі ағаш» Мақсаты:күздің түстері туралы ұғымды бекіту. Қылқаламның қылдарын түгел ілгізу жолымен күзгі ағаштың басын салуды үйрету. Балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Апликация Тақырыбы: «Шыныдағы қияр мен қызанақ» Мақсаты: Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру; көкөніс түрлері туралы білімдерін кеңейту. Бұрыштарын қайырып, шаршыдан шеңбер, тіктөртбұрыштан сопақ пішінді қиюды үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Жомарт күз» Мақсаты: Шығарманы тыңдау арқылы эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініпжасау. 2.Музыка Тақырыбы:«Жомарт күз» Мақсаты: Шығарманы тыңдау арқылы эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініпжасау.	
--------	---------------------	---	--	--	---	--

3-апта	Аяғы бар қалпақтар	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар» Мақсаты: Үй жануарлары және үй құстарымен таныстыру; жануарлардың қимылдарын салып, жаттығуларды орындау. Жылдамдық, ептілік және күштілік қасиеттерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату арқылы балалардың зейіндерін дамыту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар» Мақсаты: Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасымен еңбектеп жүруге жаттықтыру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар» Мақсаты: Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасымен еңбектеп жүруге жаттықтыру.	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Саңырауқұлақ саясында» ертегі Мақсаты: ұсынылған ертегі мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап бере отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ертегіге деген қызықшылықтарын арттыру. Орыс тілі Тақырыбы: «Грибы» Мақсаты: Учить детей различать грибы и ягоды. Совершенствовать умение детей связно рассказывать по теме. Развивать интерес детей познавать окружающий мир. Пополнить словарный запас детей (грибы: сыроежки, маслята, опята).Воспитывать любовь к природе.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «2 цифры және санымен танысу» Мақсаты: 2 саны және цифрымен таныстырып, жазып үйренуге дағдыландыру. Балаларға «кеше», «бүгін», «ертең» түсініктерін айыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы:«Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты : Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай білу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым – қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы:«Кішкентай саңырауқұлақ» Мақсаты: Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Балаларды табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып, саңырауқұлақты құрастыра білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасау жолдарын қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы:«Тіінге арналған саңырауқұлақ» Мақсаты:балаларды саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Саңырауқұлақ суретін салуға үйрету. Іс-әрекетке деген қызығшылықтарын дамыту. Қажетті түс алуда субояқты араластыру іскерлігін арттыру. Ептілікке, қоршаған ортаның әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы:«Үлкен, кіші саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балалардан ермексازдан тиісті пішінді бере білу іскерлігін бекіту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Балаларды жақсы нәтижеге ұмтылыс жасауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарлығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Өртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктер қалыптастыру	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Орманшыда қонақта» Мақсаты: Орманшының еңбегімен олардың қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі мамандық иелері болатынын туралы білім беру. Еңбек адамдарына деген сыйластықты тәрбиелеу. Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігі және олардың өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларын туғызу қажеттілігі туралы нақты ұғымдарын қалыптастыру.
--------	--------------------	---	--	--	---	--

4-апта	Берекелі Алтын күз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алуан алуан жапырақ» Мақсаты:Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Көлбеу қойылған баспалдаққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету(ауыспалы қадам). 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алуан алуан жапырақ» Мақсаты: Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алуан алуан жапырақ» Мақсаты: Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Алтын күз» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құрастыру және әңгімені кері айтып беруге үйрету,қойылған сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жапырақтар» өлеңі жаттау Т.Молдағалиев Мақсаты: Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып,өлеңді жатқа, эмоционалды, мәнерлеп айта білуге үйрету. Драма Тақырыбы: «Жабайы алма» Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой – өрісін, дүниетанымын жетілдіру, баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту. Өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру, достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Күзгі жапырақтар» Мақсаты: 2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Жұмбақты көрген мәліметтер негізінде шешу жолдарын үйрету. 1, 2, 3 цифрларын заттың санымен салыстыруды әрі қарай жалғастыру, «алыс», «жақын» ұғымдарын мағына жағынан айыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз келді» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын, бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Құрдастарына достық қарым – қатынасты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:«Тәтті сәбіздер» Мақсаты: Сәбіздің суретін сала білуге үйрту. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу. Апликация Тақырыбы:«Түрлі-түсті жапырақтар» Мақсаты: сызылған сызық бойынша түрлі-түсті жапырақтарды қағаздан қиюға үйрету. Қағаз бетіне дұрыс орналастыруға дағдыландыру, құндылыққа тәрбиелеу 1.Музыка Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: Әннің сипатын түсініп,эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруға үйрету. Диксияның тазалығына әнді анық айтуға. 2.Музыка Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: Әннің сипатын түсініп,эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруға үйрету.Диксияның тазалығына әнді анық айтуға.	
--------	--------------------	---	---	--	--	--

Ортаңғы топ 2017жыл қараша айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

Міндеттері:

- Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
- Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
- Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
- Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
- Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру;

Апта	Тақырып	Денсаулық-3 Дене шынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5 Драма-0,5	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Аппликация-0,5 Музыка-1,5	Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Экология негіздері-0,25
I апта	Ферма	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Фермадағы төлдер» Мақсаты: Бірқалыпты (баяу) жартылай отыруды және жеңіл секірулерді үйрету. Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Фермадағы төлдер» Мақсаты: Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шапшандық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Фермадағы төлдер» Мақсаты: Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. Ұжым болып әрекет еруге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шапшандық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жібек әжеде қонақтамыз» (үлгі әңгіме құрау) Мақсаты: балаларды үлгі бойынша әңгіме құруға, зат есіміне қандай анықтауышты үйлестіруге болатынын көрсету. өз ойымен байланыстырып әңгіме құрауға үйрету. Орыс тілі Тақырыбы:«Ферма» Мақсаты:Расширять и активизировать словарный запас словами (ферма, корова, лошадь, овцы, коза, верблюд).Развивать интерес познавать окружающий мир. Сформировать представление о домашних животных и особенности ухода за ними. Учить называть их на русском языке. Воспитывать любовь к животным.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Фермада» Мақсаты: Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету. 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру. Нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрету. Өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу. 1,2,3 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. «Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің сүйікті үй жануарларым.» Мақсаты: Үй жануарлары (қой, ешкі, жылқы, түйе, сиыр, есек, шошқа, ит, мысық) туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру Жануарлар немен қоректенетіні, қалай қозғалатыны, қалай дыбыс шығаратыны туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру Құрастыру Тақырыбы:«Құстарға арналған жемсауыт» Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлауға тәрбиелеу, оларға арналған әртүрлі жемсауыттарды бірлесе отырып жасауға үйрету, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы:«Мені қызықтыратын жануарлар» (өз қалауымен) Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыруды жалғастыра отырып, өз қалауымен сурет салуда ой-қиялдарын дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы:«Бұйра тоқтылар» Мақсаты: үй жануарлары-қой туралы білімдерін кеңейту, ермексазды езу, домалақтау арқылы тоқтының жүндерін жасау тәсілін үйрету. Қиялмен шығармашылық ойын дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру. Музыка Тақырыбы: «Үй жануарлары» Мақсаты: Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп ажырату. Әннің ырғағын сақтау.	Экология негіздері Тақырыбы: «Ферманың кішентай тұрғындары» Мақсаты: Жануарлардың тіршілігіне қорек, ауа, су жылу керектігі туралы ұғым беру. Ересектердің жануарлар мен құстарға жасаған қамқорлығы туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру.

II апта	Құстар біздің досымыз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар ағаш қорғайды» Мақсаты: Балаларды еңбектеп жүруге үйрету. Шапшандық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. Көлбеу жазықтықтың үстінде жүруге үйрету 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар ағаш қорғайды» Мақсаты: Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар ағаш қорғайды» Мақсаты: Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Құстар біздің досымыз» (әңгімелеу) Мақсаты: Құстар туралы толық мағлұмат бере отырып, оларды қамқорлауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «С.Көбеев Құстың ұясы» Мақсаты: Өлеңді көрнекі құралдар көмегінсіз жатқа айтуға, оның дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірі мен және қоршаған ортамен байланыстыра білуге үйрету, балаларды мейірімділікті жануарларға, құстарға қамқорлық қатынасты білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Драма Тақырыбы: «Бір қазан сүт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету, балалардың дауыс ырғағын қадағалау сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез – құлқын келтіру. Ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Құстарға қамқорлық» Мақсаты: 3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру. 1,2,3 цифрларын жазу дағдыларын нығайту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау. Бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінің дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы:«Құсқананы мекендеушілер» Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Тотықұс» Мақсаты: Дайын қалыпты айналдыра сыза білуге үйрету, түрлі түсті пайдалана отырып әдемілеуге үйрету,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы:«Құсқа арналған ұя» Мақсаты: Өртүрлі геометриялық пішіндерден бүтін затты құрастыра отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыра жапсыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Құстар даусы» Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру,музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнерлеп айтқызу. 2.Музыка Тақырыбы:«Құстар даусы» Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру,музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнерлеп айтқызу.	
---------	-----------------------	---	--	---	--	--

III апта	Жабайы жануарлар әлемі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Зообаққа саяхат» Мақсаты: Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру: «Сылдырмақтар» ойынының шартын түсіндіру. Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Еңбектеуге және еденде қырымен тұрған баспалдақ таяқшаларының арасынан еңбектеп өтуге жаттықтыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Зообаққа саяхат» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Зообаққа саяхат» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жабайы аңдар (сурет бойынша әңгімелеу)» Мақсаты: Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік қорын байыту, оларды қорғауға қамқор болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы:«Мир диких животных» Мақсаты: Расширить словарный запас детей словами, обозначающими названия диких животных: лев, тигр, заяц, хитрая лиса, косоплоский медведь. Развивать словесно-логическое мышление, внимание. Воспитывать любовь к животным.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы:«Зообақта» Мақсаты: Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету. Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету. Екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу. Заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту. Таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру қабілетін ұштау. Тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау, оны өзге геометриялық фигуралар арасынан табу. Тіктөртбұрыштың көлеміне қарай әртүрлі болатынын түсіндіру. Жаратылыстану Тақырыбы:«Жабайы жануарлар» Мақсаты: Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым – қатынасты тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы:«Орман аңдары» Мақсаты: Табиғи және құнсыз материалдардан құрылыс салуға үйретуді жалғастыру. Негізгі пішінге бөлшектерді жапсыруды, шығарманы қатты қағаздан орындауды, шығармашылық көзқарасты, қиялдауды дамыту.	Сурет салу Тақырыбы:«Қоян» Мақсаты: Жануарлар суретін, тұлғасының горизонталды қалпын денесінің мүшелерінің құрылымын көрсетіп, салуға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы:«Кірпі» Мақсаты: Балалардан ермексизден тиісті пішінді бере білу іскерлігін бекіту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.Балаларды жақсы нәтижеге ұмтылыс жасауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Орманға саяхат» Мақсаты: Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын,сипатын ажыратуға үйрету:нәзік,сабырлы,көңілді де ойнақы,көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:«Орман тұрғындарына көмектесеміз» Мақсаты: Жануарлар әлеміне деген қызығушылықтарын дамыту, тірі табиғи нысандарымен табиғат туралы өзіндік әсерлерін жеткізе білуінқалыптастыру
--	--	---	---	--	---	---

IV апта	Жануарлар қысқа қалай дайындалады?	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай қошақандар» Мақсаты: Көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету. Балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. Бір орында тұрып, ұзындыққа секіруге үйрету; көзбен мөлшерлей білу дағдысын және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай қошақандар» Мақсаты: Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді қайталау. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкентай қошақандар» Мақсаты: Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді қайталау.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Қысқа аңдар қалай дайындалады?» (қысқа сюжеттік әңгіме құрастыру) Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтары бойынша сөйлем құрастыруға үйрету. Қимыл – әрекетті білдіретін етістіктерді тыңдауды үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (ку түлкі, аңқау адам) сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу және орындау қабілеттерін дамыту. Драма Тақырыбы: «Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?» (театрландырылған ойын) Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту; сөздік қорларын байыту, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу; шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; балаларды татулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Ненің азығы?» Мақсаты: Заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету. Заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету. Әр түрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. Заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білуге үйретуді , баланың зейінің дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу.	Сурет салу Тақырыбы:«Ормандағы аю» Мақсаты: Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін қалыптастыру. Аппликация Тақырыбы: «Түлкі – түлкі, түлкішек» Мақсаты: Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Геометриялық пішіндерден түлкінің мүсінін жасауға үйрету. Аппликацияда бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Қыс қызығы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге,әннің мәтінін бұзбай,дұрыс айтуға үйрету қыс көріністерінқимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу. 2.Музыка Тақырыбы:«Қыс қызығы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге,әннің мәтінін бұзбай,дұрыс айтуға үйрету қыс көріністерінқимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу	
---------	------------------------------------	---	--	---	---	--

Ортаңғы топ 2017жыл желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

- Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
- Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
- Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу;

